

# ӘРІПТЕСІМІЗ – ҮЗДІК ЖАС ЖУРНАЛИСТ



**Нұрғали ИКРАМУЛЫ,**  
PhD, Қорқыт Ата атындағы  
Қызылорда университетінің «Физика-  
химиялық талдау әдістері» инженерлік  
бөліміндегі зертхана жетекшісі:

## ДЕРТКЕ ДАУА БОЛАТЫН ДӘРІ ІЗДЕУДЕМІЗ

Гүлдана ЖҰМАДИН

Жасы ұлғая келе кейбір адамдардың есте сақтау қабілеті нашарлап, ұмытшақ бола бастайды. Қарапайым өмірде елесті бермейтін бұл ауру медицинада Альцгеймер ауруы деп аталады. Ал Паркинсон – ересек адамдардың орталық жүйке жүйесіндегі немесе орта мидағы нейрондардың бүлініп немесе өліп қалуынан пайда болатын созылмалы ауру. Бір өкініштісі, 200 жылдан бері аталған аурулардың толық емі табылмай келеді, бірақ зерттеулер тоқтаған емес. Енді осы маңызды мәселенің шешімін Horizon-2020 бағдарламасы бойынша Еуропалық Одақтың грантын жеңіп алған қазақстандық ғалымдар іздейтүрде. Жоба жайында толығырақ білу үшін химия ғылымдарының кандидаты Нұрғали Икрамулымен әңгімелестік.

– Нұрғали, осыған дейін Альцгеймер және Паркинсон ауруларына қарсы дәрілер қолданыста болды ма және олардың тиімділігі қандай еді? Аурудың осы түрлеріне емі іздеулеріңізге не әсер етті? Жалпы елде осы ауру түрімен тіркелген науқастар көп пе?

– Иә, бұл ауруға қарсы дәрілер бұрыннан қолданыста бар, ейткені ауру түрі XIX ғасырдан бері зерттеліп келеді. Алайда осы кезге дейінгі шыққан дәрілер ауруды толықтай жазға алмауда, себебі дәрінің күші тек аурудың бастапқы сатысын емдеуге қауырлы. Біздің елде де Альцгеймер және Паркинсон ауруларымен науқастар тіркелген, көп жағдайда осы дерт түріне 55-60 жастан асқан адамдар шалдығады.

– Дәрілік препарат үшін түйежантақ өсімдігі пайдаланылады екен. Бұл шөптің пайдалы екенін қалай білдіңіздер? Түйежантақтан қандай биологиялық заттар алынады? Оның адам ағзасына әсері қандай?

– Осыған дейін Қорқыт ата атындағы Қызылорда университетінің «Физика-химиялық талдау әдістері» инженерлік бөліміндегі зертханасында гранттық қаржыландыру негізінде жоба орындалды. Соның нәтижесінде түйежантақты құрамындағы пайдалы қосылыстар болып саналатын флавоноидтарды бөліп алып және одан атеросклероздың алдын алатын дәрілік қосылыстар бөлініп алынды. Осы алынған қосылыстарды біз әрмен қарай модификациялау арқылы Альцгеймер және Паркинсон ауруын төкейін препараттар жасауды жалғастырып келеміз. Ал препараттың адам ағзасына әсері жайлы қазір нақты айта алмаймыз, тек клиникалық зерттеулерден кейін толық білетін боламыз. Сондай-ақ зерттеу қорытындысы Web of Science, Scopus базасындағы жоғары рейтингті журналдарда жарияланады.

– Дәрілік препарат шетел ғалымдарымен бірлесіп жасалатынын хабардармыз. Жалпы осы жұмыс барысындағы қазақстандық ғалымдар жайлы айтып беріңізші... Зерттеу жұмыстары қайда жүргізілуде? Осыған дейін де дәрілік заттар жасап шығардыңыздар ма?

– Жоба Португалия, Нидерланды, Дания, Ресей, Беларусь және Украина ғалымдарымен бірлесіп дайындалады. Дәрілік препаратты алу, оның физика-химиялық қасиетін анықтау – біздің жауапкершілігімізде. Қазір бұл жұмыстарды университет зертханасында жүргізіп жатырмыз. Қазақстандық ғалымдардың құрамында жоба жетекшісі, химия ғалымдарының кандидаты, профессор Нұрбол Орынбасарұлы, техника ғылымдарының магистрі Рахметғұлла Әмірбеуілов, Қазан ұлттық зерттеу технологиялық университетінің магистранты Баурат Мәлікұлы бар. Бұл зерттеуге дейін микробтар мен зиянды саңырауқұлақтарға қарсы биологиялық қасиеті жоғары органикалық қосылыстар алдық.

– Клиникалық зерттеулер қай кезде басталуы мүмкін? Дәрілік зат толық мақұлдана, өз елімізде өндіріле ме?

– Келісімшарт бойынша жобаның зерттелу уақыты төрт жыл деп белгіленген. Біз қазір дәрілік қосылыс алу мақсатында зерттеу жұмысын жүргізіп жатырмыз. Алынған қосылыстардың биологиялық жоғары қасиеті белгілі болса, біз оны клиникалық зерттеуге жібереміз. Ал дәрілік зат толық мақұлдана жағдайда, өз елімізде өндіру жоспарымызда бар.

– Сұхбатыңызға рақмет!

Аймақта «Үздік жас маман – 2021» облыстық байқауы қорытындыланды. Шараны Қызылорда облысының ішкі саясат басқармасының «Ауыл жастарын әлеуметтендіру» әлеуметтік тапсырысы аясында «Ай-Қанат» жастар қоғамдық бірлестігі ұйымдастырды. Байқауға қатысу үшін 100-ге жуық әр саланың жас мамандары құжаттарын ұсынған.

Азаматтық институт өкілдерінен, қоғам белсенділерінен құралған комиссия шешіміне сәйкес 10 жас маман 8 номинация бойынша марапатталды. Топ жарған үздіктер қатарында газетіміздің тілшісі Гүлдана Жұмадинова да бар. Гүлданаға «Үздік жас журналист» номинациясын облыстық ішкі саясат басқармасының басшысы Мира Қазбекова табыстады.

Гүлдана Нұртайқызы бірнеше жылдан бері «Ақмешіт жастары» газетінде қызмет етіп келеді. Қаламы қарымды жас мәселені зерттеу, сараптау, нақты ақпаратты дер кезінде ұсынуда алда келеді. Әріптесімізді жеңісімен құттықтап, толайым табыс тілейміз!



ҚАЗАҚСТАН  
ТӘУЕЛСІЗДІГІНЕ

30 ЖЫЛ

# АҚМЕШІТ ЖАСТАРЫ



Газет 2013 жылдың қыркүйек айынан бастап шығады

Жаннан қымбат оларға ар,  
Мен жастарға сенемін

Мағжан



№ 38 (419)  
23 Қыркүйек, 2021 жыл

БӨРЕКЕЛДІ!



Айта кетейік, облыстық көсіпаодақ комитеті жас мұғалімдер арасында үш күндік сайыс өткізді. «Таң нұры» демалыс орнында облыстың үздік жас мұғалімдері жиналып, топқа бөлініп өзара сынаға түсті. «Мұғалімнің эмоционалды интеллектісі: практикалық аспекті» атты семинар-тренинг, «Оқыту процесіндегі мобилография мүмкіндіктері»

## МАҒЖАН – ҮЗДІК ҰСТАЗ

С.Лапин атындағы №261 орта мектептің биология пәнінің мұғалімі Мағжан Қаракөз «Үздік ұстаз – 2021» байқауының жеңімпазы атанды.

Гүлбану МАҚАЖАН

семинар-практикумға, эстафеталық сайысқа қатысты. Білімдерін де, спорттық қабілеттерін де ортаға салды. Көсіпаодақ жанындағы жастар кеңесінің жұмыс бағытымен танысып, тарихи өлкеге саяхат жасады. Үш күндік шарада «Сыр жастары» тобы белсенділік танытып, алдыңғы орынға шықса, топ мүшесі Мағжан «Үздік ұстаз» атанды.

Жас маман Мағжан 1994 жылы 24 мамырда Қызылорда қаласында дүниеге келген. №144 С.Әлжіков атындағы орта мектепте, №15 қалалық гимназияда білім алған. Мектеп қабырғасында да белсенді болған ол біліммен қатар оқу орнының вице-президенті болды. Қорқыт ата атындағы Қызылорда мемлекеттік университетінде оқыды. Мағжан студенттік өмірді де тиімді әрі көңілді

өткізді. Университеттің қоғамдық іс-шараларына белсенді қатысып, бірнеше рет ректордың алғыс хатын иеленген.

– Ұстаздық – көз келгенге бұйырмайтын бақыт деп түсінемін. Өмірімде мансап қуып, алдыма үздік ұстаз атансам екен деген мақсат қойған емеспін. Ұстаздан не талап етпелі, соны жасауға тырысып келемін. Аға бұрын ұстаздардың сара жолымен жүруді мақсат еттім. Өз уақыты ұстаз еңбегі шәкіртімен бағаланады. Сондықтан оқушылардың биологияны жеңіп менгеруіне атсалысамын. Өрбір жетістік, әрбір алған марапат, барлығының жауапкершілігін сезінемін. Мен үшін жауапкершілік – ел артынан сенім төмендемеу. Мақсатым – білімді, саналы шәкірт тәрбиелеу, – дейді Мағжан Қанатұлы.

STOP: COVID

## КОРОНАВИРУСТЫҢ ЖАҢА ШТАМЫ

Бұл туралы денсаулық сақтау министрі Алексей Цой өзінің Facebook парақшасында жазды. Министрлік биыл шілде-тамыз айларында коронавирус анықталған науқастардан салынған оң зертханалық үлгілерді секвенирлеу әдісімен коронавирус инфекциясына генетикалық зерттеу жүргізген.

«Секвенирлеу қорытындысы бойынша Қазақстан Республикасында 96 үлгіде штамдар айналымы белгіленген. Ета штамның пайда болуы 2020 жылдың желтоқсанында белгілі болды, аурудың алғашқы жағдайлары Нигерия мен Ұлыбританияда анықталған. Дүниежүзілік денсаулық сақтау ұйымының 2021 жылғы 15 қыркүйектегі деректері бойынша Ета штамы әлемнің 77 елінде анықталған, ДДСҰ санаты бойынша «бақылауды» талап ететін штамдарға жатады. «Клиникалық белгілері қызудың көтерілуі, жөтел, іс пен дөм жоғалту, ауыр ауру және т.б.», – делінген хабарламада.

Мұндай белек министр елдегі эпидемиологиялық жағдай тұрақтанғанын, соңғы екі аптада сырқаттанушылық пен өлім-жітім деңгейі 60 пайызға төмендегенін айтты. «27 қыркүйектен бастап «Ashyq» бойынша «қауіпсіз» мәртебесі бар қызметкерлер мен келушілердің қатысуымен іс-шараларды өткізуге рұқсат етіледі», – делінген COVID-19 таралуына жол бермеу жөніндегі



ведомстваралық комиссияның хабарламасында. Ал 22 қыркүйектегі Қазақстан өңірлеріндегі эпидемиологиялық ахуалды бағалау матрицасы бойынша Қызылорда облысы – «сары» аймақта. Вирус жұқтырғандар саны – 45. Елімізде пандемия басталғалы алғаш

рет Ashyq-та статусы «қауіпсіз» қонақтармен тоя өткізуге болады. Атап айтқанда, салтанатты, еске алу және отбасылық шараларды банкет, үйлену тойы, мерейтой өткізуге рұқсат беріліп отыр. «Сары» аймақтағы қызылордалықтар тойханаға 50 пайыз жиналып, 70 орыннан аспауы қажет.

### ҚҰНДЫЛЫҚТАРЫМЫЗ ҚҰЛДЫРАМАСЫН



Қорқыт ата атындағы Қызылорда университетінің Студенттер сарайында ҚР Мемлекеттік хатшысы, саяси ғылымдар докторы Қырымбек Елеуұлы Көшербаевтың «Құндылықтарымыз құлдырамамын» деген кітабы таныстырылды. Бас қосудың басты мақсаты – автордың туындысын негізге ала отырып, тарихи тереңге тамырлаған ұлтымыздың құндылықтарын жастарға насихаттау. Жиынға қатысқандар кітап туралы ой-пікір алмасты.

«Ел Президенті Қасым-Жомарт Тоқаевтың 2020 жылғы маусым айында «Ана тілі» газетіне берген «Қазақ халқының тарихы тарих таразысында тұр» атты сұхбатында «Ұлттық құндылықтар болмаса, ақпарат, жасанды интеллект, машиналар мен роботтар әлемінде жұтылып кететініміз сөзсіз» деген болатын. Мемлекет Басшысының толғанысқа толы ой-пікіріне белсене үн қосқан автордың келер заман көзқарайы туралы өзекті ой-пікірлері мен бұйыпты пайымдарының көзі қарақты оқырманды бей-жай қалдырмайтыны анық. Жастарға дұрыс тәрбие беру – болашақты бекемдеу деген сөз. Оларға ұлттық құндылықтарымыз арқылы жол көрсетер болсақ, елдікті әлемдік өркениеттің алдығын ләйкеде ұстар ұрпақтың жаңа буыны ұлай өсетіні кепіл. Сол себептен де Елбасы

өзінің «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» атты бағдарламалық мақаласында «Ұлттық салт-дәстүріміз, тіліміз бен музыкамыз, әдебиетіміз, жоралғыларымыз, бір сөзбен айтқанда, ұлттық рухымыз бойымызда мәңгі қалуы тиіс», – деді жиын барысында Қорқыт ата атындағы Қызылорда университетінің Басқарма Төрағасы, ректоры Б.С.Қариева. Тәуелсіздік кезеңінде елдің руханиятына ғана емес, экономикасы мен әлеуметтік өркендеуіне маңдай тәріні төккен ерен тулғаның шығармашылығы жөнінде жетекші ғалым-профессорлар мен жас ғалымдар, студенттер де өз ойларын ортаға салды. Жиынға қатысқандар ҚР Мемлекеттік хатшысы Қ.Көшербаевтың бұл еңбегін оқу орындарында оқытуға, ғылыми тақырыптар ретінде жергілікті және тәрбие ісін пайдалануға әбден лайықты деген баға берді.

### ШӘКИЗАДА ӘБДІКӘРІМОВ – 65 ЖАСТА

Облыс әкімі Гүлшара Әбдіқалықова белгілі ақын, журналист, облыстық мәслихаттың депутаты, «Қызылорда қоғамдық телерадиокомпаниясы» жауапкершілігі шектеулі серіктестігінің құрылтайшысы Шәкизада Әбдікәрімовты мерейлі 65 жасымен құттықтап, дәстүрге сай иығына шапан жапты.



бас редакторы Сарсенкүл Бижоха мерейлі есінін еңбек жолындағы елеулі сәттерді еске алып, жылы естеліктерімен бөлісті.

Жиын соңында арқалы ақын көрсетілген құрметке алғыс білдіріп, шығармашылығынан жыр-шумақтарын оқыды.

Айта кету керек, ақын Шәкизада Әбдікәрімов еліміздің өркендеуіне және рухани дамуына үлес қосып жүрген елжанды азамат ретінде «Құрмет» орденімен, «Ерен еңбегі үшін» медалімен марапатталған. «Қазақстан Республикасының Мәдениет қайраткері», «Қазақстанның Құрметті журналисі», «Белсенді қызметі үшін», «ҚР ақпарат саласының үздігі» төсбелгілерінің иегері. «Қармажы ауданының, Қызылорда қаласының құрметті азаматы». Қорқыт ата атындағы Қызылорда мемлекеттік және «Болашақ» университеттерінің құрметті профессоры.

### СУИЦИДТИ БОЛДЫРМАУ

Өз өмірін қиюға бағытталған саналы, ерікті әрекет қазіргі таңда бүкіл жаһандық қоғамдық мәселеге айналып отыр.



Қазіргі таңда бойында психикалық дамуы баяулаған, тез ашуланшақ, уайымшыл, өзін төмен санайтын, мінез-құлқында психопатологиялық формалар кездесетін жастар бақытсыз жағдайдың құрбаны болып отыр. Жан күйзелісіне шайдай алмасу, жағдайдан шығудың жолын таппау, үмітсіздікке бой алдыру мен жеке басының дағдарысы, проблемада полиция қалу – осының бәрі айналып келгенде таңдауды тартылып, өзіне-өзі қол салуға (суицидке) итермелейді. Осы орайда, облыстық жастар ресурстық орталығының ұйымдастыруымен «Өркеніет» жоғары медициналық

көплекінде суицидалды мінез-құлықтың алдын алу және тәртіпсіздік пен құлық бұзушылықтарға «Мүлдем төзбешулік» қағидатын қалыптастыру мақсатында І-II курс студенттердің арнайы сала мамандарымен кездесу өтті.

Шараға облыстық Жастар денсаулық орталығының психолог маманы Раушан Жұмалдібаева, Қызылорда қалалық полиция басқармасының ювеналдық полиция бөлімшесі башысының орынбасары, полиция майоры Сәулә Салқоджинова қатысты. Кездесуде аталған мәселеге байланысты түсіндірме жұмыстары жүргізілді.

### ТӘУЕЛСІЗДІК – БАҒА ЖЕТПЕС БАЙЛЫҚ

Тәуелсіздік – ұлттық тарихымыздағы ел мен жердің иесі болу үшін жан қиған, тәуелсіздікті арман еткен батыр бабалар ниетінің жемісі. Быыл ел тәуелсіздігіне – 30 жыл. Ата-баба мұрас еткен дархан далада тыныш өмір сүру – біздің бағмымызға бұйырған баба жетпес байлығымыз.

Ел Тәуелсіздігінің 30 жылдығына орай ҰҚК Шекара қызметі Қызылорда облысы бойынша департаментінің әскери қызметкерлері осы жылдың сәуір айынан бастап тал-терек, шырша отырғызуды дағдыға айналдырды. Бұл іс-шара әрбір қазақтың тәуелсіздіктің қадірін сезінуге үндеп, ата буынның жас ұрпаққа үлгі болуын насихаттайды.

Гүлмира ПІРМЖАНОВА



Жиынға облыс көлемінде іріктеуден өткен 5 командадан құралған 75 жас қатысты. Олар белтемірге тартылу, арқада жатып кеудені көтеру, АҚ-74 қаруын шашу, жинау, жамылғы түріндегі жалпы әскери қорғаныс

### ОБЛЫСТЫҚ ТУР

Қазақстан Республикасының 30 жылдығының аясында жастарға әскери-патриоттық тәрбие беру және азаматтық белсенділігін арттыру мақсатында Қызылорда облысының ішкі саясат басқармасы, білім басқармасы және облыстық қорғаныс департаментінің ұйымдастыруымен «Айбын» әскери-патриоттық жастар жиынының облыстық туры өтті.

кешенді қию, тоғызқұмалақ түрлерінен бақ сынады. Облыстық турнирде үздік шыққан жастар арасынан 3 команда жасақталып, республикалық «Айбын» әскери-патриоттық жастар жиынына қатысады.

### ӘСКЕРГЕ АТТАНДЫ

Отан қорғауды өздерінің қасиетті борышы санайтын жастардың кезекті легі әскерге аттанды. Медициналық тексерістен мүдірмей өтіп, сайдың тасындай іріктелген 27 бозбала еліміздің қарулы күштер қатарын толықтырды.



№2019 ұлттық қауіпсіздік комитетінің шекара қызметінің әскери бөлімінен «Жастарға патриоттық тәрбие беру және азаматтық белсенділігін арттыруға бағытталған әлеуметтік қызмет жұмысын ұйымдастыру» әлеуметтік жобасы аясында жастарды әскерге шығарып салу салтанаты шарасы өтті. Шара ҚР мемлекеттік Өңірханыммен басталып, одан әрі ҚР Ұлттық қауіпсіздік комитеті

шекара қызметінің Қызылорда облысы бойынша департамент өкілі, майор Жаңабәев Баубек сөз сөйлеп, әскерге аттанушы жастарды жігерлендірді. Қызылорда қаласынан аттанған 27 жасқа естелік сыйлық табыстан, рұхтандыраған «Ай-қанат» жастар қоғамдық бірлестігінің атқарушы директоры Ардақ Ауененов әскер өмірі ер балалардың бір баспадағы екенін жеткізіп, жастарға

отан алдындағы борышын аман-есен өтеп келулеріне тілек білдірді. Бұл күні бозбалаларды шығарып салуға келген ата-аналардың толқынысы ерекше. Бірінің көңілі босап, көзіне жас алса, енді бірі баласының ер жетіп, ел қорғаны болуға жарағанын мақтаншы етіп тұр. Бүгінгі әскер қатарына жіберілген жас сарбаздар шекарашылар шебіне толықтырады.

Басты лайықталу: Мейіріз САБЫРЖАН

### AULA SPORT

Жастар орталығының ұйымдастыруымен және Қорқыт ата Қызылорда университеті мен қалалық мәслихат депутаты Айгүл Мұсабаеваның қолдауымен қала орталығындағы Илья Ильин атындағы спорт ауласында «AULA SPORT» мәдени-спорттық сайысы өтті.

Сайыс арқан тарту, қол күрес және белтемір спорт түрлерінен ұйымдас-тырылып, спорттың шараға 70-ке жуық жас қатысып, көтеріңкі көңіл-күйде келерек әсер алды. Шара соңында белсенді жастар арнайы алғыс хатпен марапатталып, жеңімпаздарға сыйлықтар табысталды.



### «ТӘУЕЛСІЗДІК САБАҒЫНА» ҚОСЫЛДЫ



Сабақтың негізгі тақырыбы Қазақстанның тәуелсіз жылдарындағы жетістіктеріне және бүгінгі мектеп оқушыларының ел болашағы үшін жеке жауапкершілігін сезінуге бағытталды. Тарих пәнінің мұғалімі Айгүл Зейнолла цифрлық және бейне ресурстарды пайдалану арқылы түрлі форматтағы оқыту әдістерін қолдана отырып, осы жылдар ішінде еліміздің айтулы оқиғаларына тоқталды. Жас зияткерлермен бірге Қазақстанның әлемдік аренадағы алғашқы қадамдары мен демократия, экономика, саясат және білім салаларындағы маңызды шешімдерін талдады. Сабақ барысында Қазақстан Республикасының Тұңғыш Президенті Елбасы Нұрсұлтан Назарбаев пен Президент Қасым-Жомарт Тоқаевтың ел егеменділігін қалыптастыру мен нығайтуға қосқан үлесі ерекше айтылды. «Тәуелсіздік елімізге өзіндік даму жолын таңдауға, мемлекеттік тілді, рәміздерді, құндылықтарды, салт-дәстүрлерді насихаттауға

мүмкіндіктер берді», – деді 11 сынып оқушысы Зарина Мұратбекова.

Виртуалды телекөпірге ұзақ жылдар бойы NIS-пен тығыз ынтымақтастықта жұмыс жасауынан 70-тен астам ауыл мектеп оқушылары да қосылды. «Зияткерлік мектеп мұғалімі жүргізген сабақ өте қызықты өтті. Еліміздің дамуына бағытталған стратегиялық бағдарламалар мен идеяларына талдау жүргізген өрендер мемлекеттің келешек дамуы жайында өз көзқарасын білдірді. Мұндай сабақтар өскелең ұрпақты патриот болуға үйретеді», – дейді Ж.Маханбетов ауылдың №143 орта мектебінің мұғалімі Индира Мұханова.

Сабақтың негізгі кейіпкерлерінің қатарында тәуелсіздік құрдастары болды: «Абал және К» ЖШС бөлім башысы Қуандық Темірнұров пен Зияткерлік мектеп педагогы Дина Шырбебаева Қазақстан болашағының дамуы жайында өз пікірлерін білдіріп, оқушылар тарапынан қойылған сұрақтарға жауап берді.

Тәуелсіздіктің 30 жылдығын мерекелеу аясында Қызылорда қаласы Назарбаев Зияткерлік мектебінде «Тәуелсіздік сабағы» өтті.



Тәуелсіздіктің 30 жылдық мерекесіне орай ұйымдастырылып жатқан «Жастар жырлайды» жазба ақындар айтысының ширек финалының екінші жұбында жолыққан аралдық Алтынбек Қыстаубаев пен қызылордалық ақын Динар Рахманның айтысын назарларыңызға ұсынамыз.

Алтынбек Қыстаубаев:
Жаратқан, жанылтпа деп тілі мен жақты!
Ағаң да арқаланып бірден шапты.

Тұлпарға қарсы тұрған тапталады.
Сен інім, тайғанам, тұрақты бол!
Деймісің ағамның көп жатпағаны...

Аптеке жоқ едім ғой сені күткен.
Шығайын деп отыр ем "Еңлікпен"
Жұп қылып қойысыңдар географпен.

Алтынбек Қыстаубаев:
Құлағарей шабар деп ойлап едім.
Емес ем бірақ сенің "Батырашын"
Өзіңді түсіндім, еш өкпем жоқ.

Аптынбек Қыстаубаев:
Дәп бүгін Көкенов пен Шахановтың.
Ұлдары "иесіне" қайтқан екен.
Қазалы ерлерді естіп ой құбылып.

Динар Рахман:
Ауылдың шыңында Жағалағаштың.
Келе салып қалдым дара бастым.
Жұмбағыңа жауапты мен айтайын.

Қазақтан ізеттікті көрген елдер.
Ауыздарың аспанмен қайтқан екен.
Міне, біз сондай елдің ұрпағымыз.

Аптынбек Қыстаубаев:
Бірде жаз, бірде тағдыр өктем екен.
Жамбылдан да түрлі сүй өткен екен.
Құлмамбетпен болатын айтысында.

Жұлдызға да сырынды айта аласың.
Каласан, Айыңды да алаң етем.
Себебі, Амстердам деген пенде.

Күндерден өзін көрген бек түспілің.
Шығармаң барлық жөтті жеткізілді.
"Бер бес күн жалған мұмырдың" қарашы.

Бір карта құрдымға ерді батырыпты.
Өзің ойлап, ал, інім, ұстаз үшін.
Діни жолда қайсысын хақы мықты.

Динар Рахман:
Мекендеп тұрмасақ та жыр алаңын.
Дәп бүгін өскендей сіра бағым.
Өйткені Алтынбектің аға таптам.

Тәуелсіз Қазақ деген атыңды алдың.
Өткенім ұмытылуға тиістім.
Жүрегі ел жұртына жақындардың.

Аптынбек Қыстаубаев:
Ай жүрсен де, аман жүр Динар інім!
Жаньыңа жақсыларды жиған інім.
Атағын Алапатадай биік болып.

Динар Рахман:
Кетпесін сөзімізден мән тайғанап,
Ортаға түскен кезде ортайма бақ.
Бұл өз ұзақ өткен айты болды.

Динар Рахман:
Дәл қазір тарқатқандай ұйымымды,
Кешкейсің болса егер айбымды.
Өзіңдей ағаларым аман болсын.

Ағайын осынменен қош аман бол,
Бұл айтыс азаттыққа тарту дедім.
Аты жаман індеттен Құдай сақтап.

"Гүлің".



Нұрдаулет БОЛАТБЕКҰЛЫ, жас кәсіпкер:

## ШАРУА АДАМЫ САБЫРЛЫ БОЛУ КЕРЕК

Нұрдаулеттің негізгі мамандығы ақпараттық технологиялар саласы болса да, ауылшаруашылығын бес сауасқай билетіп үл бізгесіке келгеніне екінбейтінін айтады. Отбасындағы төрт ағайындың кенжесін ата-анасы бала күнінен еңбекке бауып, төрт түлікті жайын қамдауға үйреткен. Бір қызығы, бизнеске беттеген Нұрдаулет қоғамдық шараларды назардан тыс қалдырған емес. Осыған дейін Жалағаш ауданы әкімінің «Жалын» жастар сыйлығын иеленген ол осы аптада облыстық «Жас маман – 2021» байқауының «Үздік жас ауылшаруашылық қызметкер» номинациясын жеңіп алды.

– 2017 жылдан бастап «Тюрешова» шаруа қожалығында ірі қара басын көбейтіп, күрші егуді қолға алдым. Өздеріңізге белгілі, мал шаруашылығы – бейнеті мен зейнеті қатар жүретін кәсіп. Соң үшін шаруа адамы қандай жағдайда да сабырлы болу керек. Осыған дейін ата-анаммен

бірге кәсіптің қызығымен бірге қиындығын да көріп келемін және бұл маған үлкен тәжірибе болды. Быыл Маңғыстау мен Арал өңірін жайлаған қуаңшылық біздің ауданды да айналдыртып өтпеді. Су тапшылығы күрші егетін шаруалардың басты мәселесіне айналса, жем-шөптің аздығы да бізді ойлантпай қоймады. Тіпті судың жеткіліксіздігінен жоңықанын шықпай қалғаны да рас. Бірақ мұндай сәттерде қол құсырып отыруға болмайды, себебі бақыт пен бәреке еңбек еткен адамға ғана басын иеді. Соның нәтижесі болар, биыл ірі қара басы 127-ге, жылқы басы 2 үйірге жетті, 55 гектар жерге күрші егіліп, әр гектарынан 65 центнерден өнім алынды, – дейді жас кәсіпкер Нұрдаулет Болатбекұлы.

Айта кетейік, осыған дейін Жастар ресурстық орталығы және «Темірқазық» қоғамдық бірлестігі «Тюрешова» шаруа қожалығында үш күндік еңбек лагерін өткізген еді. Жастарды дақ жұмысына (егін егу, шожа нан пісіру, айран пісіу, сиыр сауу, шөп

Жалағаш ауданындағы «Тюрешова» фермерлік қожалығы жырма жылдан бері мал және егін шаруашылығымен айналысып келеді. Тәуелсіздік алған алғашқы жылдары құрылған отбасылық кәсіп бизнес алаңында өз бағасын алып үлгерген. Алғашында «Сыбаға» бағдарламасының көмегімен алынған ірі қараның қазір төл басы көбейіп, күрші алқабының көлемі ұлғайған. Іргеі шаруашылық жұмысын бүгінде жас кәсіпкер Нұрдаулет Болатбекұлы жалғастыруда.

жинау) бейімдеуді көздеген Нұрдаулет бұл бастамаға білек сыбана кіріскен сонда. Жас кәсіпкермен тілдесу барысында қайырымдылық шараларына жиі қол ұшын беріп, сауыпты істерді жақсы көретінін де байқадық. Сондай-ақ Нұрдаулет нарықтағы баға мәселесіне көңілі толмайтынын айтумен қатар алдағы жоспарымен де бөлісті:

– Жаз бойы еңбектенген соң күрші жақсы бағада сатылымға шығарғын келеді. Бірақ қазір ақталмаған күрші бағасы нарықта 80-85 теңгеден қабылдануда. Ал жем бағасы 70-75 теңге көлемінде. Бұл күрші шаруашылығы үшін үлкен соққы деп есептеймін. Оған пәндемияның да ықпалы әсер етті, өйткені үлкен заводтардың жұмысы карантин уақытында баяулап қалды.

Болашақта ет бағытында мал басын көбейтіп, сүт өнімдерін сатылымға шығаруды, күрші ақтайтын завод салуды, техникаларды жаңартуды жоспарлап отырмыз, – дейді ол.

Гүлдана НҰРТАЙҚЫЗЫ

Жеке кәсіп ашып, өзіне жұмыс істеуді қалайтын жандар көбейді. Жалақысын азынған азаматтар жеке бизнесін жүргізуге қызығушылық танытуда. Дегенмен көп ретте идея ойға оралғанымен, іс жүзінде орындалмай жатады. Көпшілік бизнес ашуды ойлайды, бірақ біліктілік пен қалтаның жұқалығы мақсатқа жетуге кедергі келтіреді. Қайтпек керек? Неден бастаған дұрыс? «NP-Consulting» ЖШС директоры Ғалым Пирекешовпен әңгімелестік. Жеті жылдан бері қаламызда қорғаныш қасқаларын шығаратын шағын зауыт ісін дөңгелетіп отырған Ғалым өуелі зерттеу жүргізу қажеттігін айтады.



Ғалым ПИРЕКЕШОВ, «NP-Consulting» ЖШС директоры:

## БАЛА КҮНІНЕН КӘСІПКЕ БАУЛЫСА...

### ТОЛЫҚ ЗЕРТТЕУ КЕРЕК

Жеке кәсіп ашу туралы идеяңыз өте дұрыс. Кәсіпті бастамас бұрын бәрін зерттеп алыңыз. Сіз айналысатын кәсіп түріне қанша ақша кетеді, өнім, сұраныс, жарнама тіпті шығынды да шамамен есептеп жазыңыз. Айналада сізге бәсекелес орта бар ма? Қандай кедергі болуы мүмкін, оны да асықпай зерттеп алыңыз. Мен бәрін қағазға жазуға кеңес беремін. Қағазға жазғаныңызға бірнеше рет асықпай қарап, табыс көзі көріне ме соны ойлаңыз. Шешім қабылдауға асықпаңыз. Мен кәсіпкерлердің тауар өнімдерінің жәрмеңесін көруге кеңес беремін. Әсіресе Алматы, Нұр-сұлтан қалаларындағы көрмелерді көруге мүмкіндігі болса. Бір ойдан бір ой туып, сіз тіпті басқа кәсіп ашуыңыз да мүмкін. Бәрлығы зерттеуге байланысты. Ойды әбден пісіріп алған жөн. Кейде бұл ойыңыз сәтсіз деп шешеніп, басқа идеяны тапқылап көріңіз. Іс-салада хабары бар іскер достарыңызбен кеңесіңіз. Тәжірибесімен бөлісіп, жол көрсетсе тіпті жақсы.

### ҚОМАҚТЫ НЕСИЕ АЛМАҒЫЗ

Кәсіпкерлікте тәжірибенің жоқ. Енді бастап жатырсыз. Бірден жағары пайызы бар несиені алып, кәсіп бастау қатерлі қадам. Бизнес алғашқы жылы пайда әкелмеуі мүмкін, ал қарызға алынған ақша сізді тіптен тақырға отырғызады. Бизнеске қаржы жағы ең соңғы кезең, бәрлығы сараланып, бизнес-жоспар құрылғаннан кейін қаржы құйылады. Ең дұрысы, капиталдың болуы шарт. Болашақ бизнесіңіздің барлық құрауышы жүзеге аспай тұрып, жоспар құрып алмайынша, жеке кәсіпкерлікті тіркеуге асықпаңыз. Сіздің халыққа ұсына алатын артықшылығыңыз болу керек. Олай болмаған жағдайда табысты болу екіталай.

### ЖАРНАМАНЫ ДА ӨЗІҢІЗ ЖАСАҢЫЗ

Кәсібинің өзінен аяқтан тұрғанша жарнаманы да өзіңіз жасап үйреніңіз. Адам жалдамасын. Маркетинг пен жарнама бойынша білім керек. Тауар, жұмыс, қызмет түрін өткізуде орта немесе ірі бизнес арнайы агенттіктерге жүгінеді.

тапсырыс жасайды. Ал шағын бизнеске мұндай қызмет түрін жалдау тиімсіз. Қазір ақпарат жеткілікті. Дегенмен жастар өлі де болса бизнеске келгенде нарық ережесін білмегендіктен және нарықтағы жағдайды дұрыс түсінбегендіктен «күйіп кетіп» жатады. Кәсібіңіз бойынша ақпараттарды көбірек оқыңыз.

### БАЛАҢЫЗДЫ БҮГІНГЕН БАСТАП ДАЙЫНДАҢЫЗ

Егер бала мектеп жасынан бастап кәсіпкерліктің қыр-сырын біліп өссе, өсейгенде бір кәсіпті дөңгелетіп өкету әуелеті зор. Қиынғай демеңіз, жеген кемпітіңнен бастап, сатып алатын ойыншықтарының шығынын есептеп үйреніңіз. Қаржы жинауға бейімдесеніз тіпті жақсы. Кәсіпкерлермен жиі кездесу керек. Мектептерде оқушыларға да кездесу ұйымдастыру оқтайлы. Өзі Балалар іскер адамдармен таныстық орнатса, кейін қажет болып жатса, қандай да отырғаның пайдасы мол. Нарық заңы қатал, жастардың нарыққа бейімделгені жөн.

Гүлбану МАҚАЖАН

### УАҚЫТ ТЫНЫСЫ



Олжас ТҮРСЫНБАЙҰЛЫ, Қызылорда қаласы Төтенше жағдайлар басқармасының азаматтар капитаны:

## ЕЛ ИГІЛІГІ ҮШІН ЕҢБЕК ЕТЕМІЗ

Төтенше жағдайлар қызметінің жүгі оңай емес. Себебі оның ішінде қорбалас тіршілік жүріп жатады. Бірде тұрғын үйден өрт шықса, енді бірде жер үйдің қорасы өртеніп, қызметкерлер өп-сәтте жиналып шығып-ақ кетеді. Олар үшін бір минуттың өзі қадірлі. Уақытпен санаспайтын мамандық жоқ. Дегенмен бұл салада өр ісің, өр қадамың елдің игілігі үшін жүзеге асады. Біздің кейіпкеріміз – Олжас жас маман, өзі волонтер.

– Алдымен өзіңді таныстырып өтесің...  
– Бұл қызметке келгеніме көп уақыт бола қойған жоқ. Дегенмен уақыттымының көп бөлігі осы салада өтуде. Оның үстіне волонтерлік қызметті қосымша атқарып келемін. 2019 жылдан бері Қызылорда қаласы Төтенше жағдайлар басқармасындамын. Қорқыт ата университетінде құқықтану мамандығында білім алдым. Ішкі Істер Министрлігінің офицеры болып жүргенімде осы Қызылордадағы Төтенше жағдайлар басқармасына ауысып келдім. Қазіргі таңда өлге қалтқысыз еңбек етуге өз үлесімді қосып келемін.

– Бұл салаға келуге не түрткі болды? Жалпы азаматтық қорғау органының мақсаты қандай? Олар қандай қызмет атқарады, сіз немен айналысасыз?  
– Қазақстанның егемендігі мен тәуелсіздігін нығайтуға, құқықтық мемлекет құруға, ең бастысы, адамдардың игілігіне қызмет жасауға тиіс. Негізгі міндет барлық үкімет заңдарын,

мемлекеттік шешімдер мен бағдарламаларды жұртшылыққа кеңінен түсіндіру, қоғамдық пікірді зерттеу, оны тапдау, оған өз әсер ету, ішкі қарма-қайшылықтарды бөксендету арқылы аталған құжаттардың орындалуына пәрменді ықпал жасау және жария түрде бүкіл халықтық бақылау орнату. Мен азаматтық қорғау органдарында жұмыс істейтіндімді мақтан тұтамын. Төтенше жағдайлар министрлігі Табиғи және техногендік сипаттағы төтенше жағдайлардың алдын алу және оларды жою, жалпық шұғыл медициналық және психологиялық көмек көрсету, өрт қауіпсіздігі мен азаматтық қорғанысты қамтамасыз ету жөніндегі міндеттерді орындайды. ҚР Тұңғыш Президентінің 1995 жылғы 19 қаазданалы Жарлығына сәйкес құрылған. Содан бері бұл күн азаматтық қорғау жүйесінің көсібі мерекесі – Құтқарушылар күніне айналды. Жүйе төтенше жағдайларды жою ғана емес, ең

бастысы – төтенше жағдайлар алдын алу және болдырмау мәселесін шешудің қажеттілігі мен маңыздылығын көрсетті.

– Волонтер ретінде танымсыз...  
– Бұрын-соңды «волонтер» деген сөзге мән бермейтінімін. Пәндемия кезінде волонтерлердің еңбегі көзге көріне бастады, қиын кезеңде халықтың қасынан табылды. «Менің де септігім тисіңіз» деген азаматтар көп болды. Еріктілердің санын көбейтетін деген мақсатта шешім қабылдадым. Бүгінде Волонтерлер фронт офисімен бірлесіп жұмыс істейміз.

Волонтер екенімді үлгі тұтамын. Еңбегім өлеңін, жақында «Патриоттық үшін» медалімен марапатталдым.

– Осы уақытқа дейін қанша өрт оқиғасы тіркелді?  
– Бізде көлік құралдары мен заманауи техникалар жұмыс істейді. Ағылдағы жылдың алты айында көптеген жұмыстар атқарылды. Азаматтық қорғау

және төтенше жағдайлар бойынша жоспар жасалып, осы уақытқа дейін 45 оқу-жаттығу жиыны өткізілді. Сондай-ақ өрт жағдайының алдын алу бойынша басқармада 2206 объекті тіркелді. Жалпы 81 нысанға тексеріс жұмыстары жүргізіледі деп жоспарланды. Оның 79-ы ерекше тәртіп бойынша тексерілді. Ал 96 нысанға жоспардан тыс тексеріс жұмыстарын жасадық. Негізгі жыл басынан қала бойынша 123 өрт оқиғасы тіркелді, оның ішінде 79 өрт жеке тұрғын үйде болған.

– Көбіне өрттің шығу салдары неде? Тұрғындар өрт қауіпсіздігін қалай сақтауы керек?  
– Тұрғындардың салғырт қарауы кейде мәселені шиеленістіріп жіберетіні рас. Біреуге жала жабудан аулақпын. Дегенмен де тұрғындардың ережені сақтамайтынын жоққа шығара алмаймыз. Аулада қоқыстарды өртеп, қорала шөптерді жағып, қараусыз қалдырады. Қараусыз қалған ақшын өт саптары үлкен өртке ұласады. Сөйтіп өрт

лапылдайды. Тұрғын үйдің өзінде де қарапайым қауіпсіздік ережесі сақталмайды. Тоқ көздерінің шұшы қалуы, тоқ көздерінің осылуы күнінде қалуы қиындық тудырады. Пеш мұржаларын тазаламаудың салдарынан өрт болып жатады. Оның 79-ы ерекше тәртіп бойынша тексерілді. Ал 96 нысанға жоспардан тыс тексеріс жұмыстарын жасадық. Негізгі жыл басынан қала бойынша 123 өрт оқиғасы тіркелді, оның ішінде 79 өрт жеке тұрғын үйде болған.

– Көбіне өрттің шығу салдары неде? Тұрғындар өрт қауіпсіздігін қалай сақтауы керек?  
– Тұрғындардың салғырт қарауы кейде мәселені шиеленістіріп жіберетіні рас. Біреуге жала жабудан аулақпын. Дегенмен де тұрғындардың ережені сақтамайтынын жоққа шығара алмаймыз. Аулада қоқыстарды өртеп, қорала шөптерді жағып, қараусыз қалдырады. Қараусыз қалған ақшын өт саптары үлкен өртке ұласады. Сөйтіп өрт

– Сұхбатыңызға рақмет!

Мөлдір САБЫРЖАН



Заманауи әуендерді, әсіресе, шетелдік орындаушыларды тыңдап өскен жасөспірімдердің ән сабағына қызығушылық танытпауы жаңға батады... Мектеп қабырғасында міндетті оқытылатын ән сабағының жай-күйі қандай? Ән-күй деп аталатын пәнге оқушылардың ынта-талабы қандай деңгейде?

# ОҚУШЫЛАРДЫҢ ӘН КҮЙ САБАҒЫНА ӘУЕСІ ЖОҚ



Мектепте оқып жүргенде ең бір қызықты да, асыға күтетін сабақтың бірі осы ән-күй болушы еді. Оқушылардың көпшілігі әннен сабақ беруді қиялағаны айналырты. Ал бүгін ше? Бүгінде қазақи әуендерге құлақ түріп тындамақ түгіл, сабаққа қатысушылардың жалпы саны жаңды жабырқатады. Мектепте өзі де сағаты аз бұл пәннен сабақ беруге жас мамандар бел шешіп, бара қоймайды. Ән сабағынан мұғалім болам деуші жоқтың қасы. 1-6 сыныптар арасында ғана оқылатын пәннің мәртебесі осындай күйге түскен.

Республика оқушыларына мектептер әлі де азық етеді. Бұл туралы бірінші рет айтылып отырған жоқ. Ал іргесі ескіден-ақ қалған мектептерде музыкалық аспаптар жетіспейтіні тағы бар. Бұл өте күрделі проблема. Қосымша үйіме ұйымдастыру, мектепте мерекелік шараларды өткізуде бұл жетіспеушілік айқын байқалады. Осы ретте әр мектептің мұғалімдері өз пәніне ыждағатпен қараса, игі. Бұл мақсатта үйіме, концерттік шаралар жиі ұйымдастырылса, Сондай-ақ эстрада жанрына бейімі бар балаларға ән салуды дауыс қояды үйрету өте маңызды. Себебі бүгінгі жастардың мұндай әуремен іді жоқ деуге болады. Дастурлі халық әндері мен казак әуендерін бойына сіңірген бала үшін ұлттық рух әннен келмей ме? Ұлтымыздың ұмылған әуендерін білмей, бала жастайынан батыстық бағытқа бейімделіп қалады. Осы ретте Сұлтанмахмұт Торайғыров «Қазақтың әні кетсе – сәні кетеді, сәні кетсе – жаны кетеді» деген екен. Эстетикалық тәрбиенен келетін ұлттығымыздың болашағы зор.

Едіге ОМАРФАҒЫ

# ӘННЕН РЕПЕТ, СӨЗДЕН БЕРЕКЕТ КЕТТІ

Мәңсіз мәтін құрап, сазын келтірген әндер замандастар үшін хитке айналды. Қазіргі кезде «Сазгер – Ақын – Орындаушы» дейтін шығармашылық үштіктің байланысы бір-бірінен алшақтап барады. Соның салдарынан әннен мән, сөзден сән кете бастады. Бұлай сөз қозғауымызға Қауау-дың «Ол қыз» әні түрткі болды. Вконтакте желісінде ТОП ондыққа енген ән Youtube-та 6 млн-нан аса қаралым жинаған. Трендке айналған әннің мәтінін оқырман назарына ұсынсақ, мәні жоқ әннен теріс айналуыңыз бек мүмкін. Расында сазы сайрап, құлаққа жағынды естілгеннен мәтінде мән болмай тұр. Сонымен Қауау-дың «Ол қызына» арналған мәтіні мынадай.



Кетті, лақты ол тындамайды неге? Бидің үстіне би сұрайды неге? Ол қыз, ол қыз. Кетті лақты ол тындамайды неге? Бидің үстіне би сұрайды неге? Ол қыз, ол қыз. Әкесі білсе оның құлағынан бұрайды, Шешесі біліп қалып, қаншық деп сабалайды. Кетемін үйден сендер түсінбейсіңдер мені, Дел өзінкің қуып шөйіп ол айқайлайды. Ту деген сөзі у, Ішіп алып қу, Енді сол бағаны ту. Кетті лақты ол тындамайды неге? Бидің үстіне би сұрайды неге? Ол қыз, ол қыз. Кетті лақты ол тындамайды неге? Бидің үстіне би сұрайды неге? Ол қыз, ол қыз.

Жылайтын кино көріп, өкіріп бір жылдайды. Мазасы кетіп, оның түнімен ұйықтамайды. Өтірік жігіттері телефон шалған кезде, Анашым шығармайды деп өтірікті алдайды. Кетті лақты ол тындамайды неге? Бидің үстіне би сұрайды неге? Ол қыз, ол қыз. Кетті лақты ол тындамайды неге? Бидің үстіне би сұрайды неге? Ол қыз, ол қыз. Кетті лақты ол тындамайды. Ұзын сөздің қысқасы, бүгінгі қазақ ән өнері еріккен біреулердің ермегіне, енді біреулердің күнкөрісіне, тіпті бау тәсіліне айналып, ең бері дегенде теледидарға шығып танымал атануына ғана септігі тигізетін, ұстағанның қолындағы, тістегеннің аузындағысына айналады.

Ерасыл ШӨРІБЕК

# БҰЛ – ТАБИҒИ ЖОЛ

ЭКОЛОГИЯ

Қазіргі таңда қоршаған ортаны қорғау – ең өзекті мәселенің бірі. Сөбібі жылдан жылға түрлі салалардың дамуымен қатар қоршаған ортаға келтірілетін теріс әсер де артып келеді. Елімізде индустриалды-инновациялық жобаларды жүзеге асыру, жаңа заманауи қолжетімді технологияларды енгізу арқылы қоршаған ортаға келтіріп жатқан теріс әсерді азайту мақсатында түрлі іс-шараларды қолға алу қажет. Мән Төретам кентінің тұрғыны болғандықтан Байқоңыр мәселесімен, оның зардабымен жіті танысып. Сондықтан туған жердің жанашыры ретінде табиғатқа көліп жатқан зиянның алдын алу басты парызым деп өсептеймін. Келер ұрпаққа таза ауа мен тұмса табиғат қалдыру бүгінде әр адамның басты парызы болса керек. Міне, осы ұстаным мені алға жетелейді.



Бұл мақалада әлем назарын аударған Байқоңыр кешеніндегі ғарыш айлағы мен оның қызметін қамтамасыз ететін объектілердің және Байқоңыр қаласындағы халықтың тұрмыс тіршілігін қамтамасыз ететін кәсіпорындардың қоршаған ортаны қорғау бойынша жүзеге асырылған іс-шаралары айтылады. Байқоңыр ғарыш айлағында зымыран аппаратының ғарышқа ұшырылуына дейін және ұшырылғаннан кейін қоршаған ортаға келтірілетін әсеріне Ресей Федерациясы тарапынан «ХННКИ» ҚК Южный АҚ-ның Байқоңыр қаласындағы филиалы арнайы мониторинг жүргізеді. Қазақстан тарапынан Цифрлық даму, инновациялар және аэроғарыш өнеркәсібі министрлігі Аэроғарыш комитетінің «Ғарыш-Экология» ғылыми-зерттеу орталығы республикалық мемлекеттік кәсіпорының Байқоңыр кешеніндегі филиалы жүзеге асырады. Атап айтқанда, ғарыштық аппарат ұшырылғанға дейін және кейін өлді-мекендер аумағында қоршаған орта компоненттері атмосфера, су, топырақтан сынамалар алып, зерттеу жүргізеді. Айта кететілі, «Ғарыш-Экология» ҒЗӨ РМК – экологиялық мониторинг жүргізетін және ғарыштық-зымыран қызметін экологиялық нормалау бойынша қолданбалы ғылыми зерттеулерді орындайтын Қазақстандағы мамандандырылған жалғыз кәсіпорын. Экологиялық мониторинг жұмыстары нәтижесінде сүйенсек, ластаушы заттардың шектен асырған жағдайы тіркелмеген. Өзіндік қолданбалы жүктемені төмендету мақсатында Байқоңыр ғарыш айлағынан «Протон-М» зымыран тасығыштарын ұшырды кезең-кезеңмен қысқарту жоспарланған. 2017 жылы ұшыру өні есе қысқарса, 2020 жылы тағы екі есеге қысқарды, енді 2025 жылы «Протон-М»



зымыран тасығыштарын ұшыру санын бес есеге дейін қысқарту және 2026 жылы ұшыруда іс жүзінде аяқтау көзделіп отыр. Сонымен қатар Қазақстанның «жасыл» экономикаға көшуі жөніндегі тұжырымдамасында айқындалғандықтан, қалдықтарды бөлек жинау, қайта пайдалану сияқты өнім ала отырып, қалдықты қайта өңдеу бағытында біршама жұмыстар атқарылады. Осы бағытта «Байқоңыр» кешеніндегі «Инфракос» арқылы апараты және экологияға ұшыраған орындарды қалыңға келтіруге нақты ұсынысым бар. «Инфракос» республикалық мемлекеттік кәсіпорны «Байқоңыр» кешенінің Ресей Федерациясы жалға алған объектілерінің құрамына кірмеген және одан шығарылған объектілерінің мүліктері негізінде 1996 жылы 8 қаңтардағы №27 ҚР Үкіметінің Қаулысына сәйкес құрылған. Кәсіпорын «Байқоңыр» кешенінің

Ресейдің жалға алған объектілерінің санатына жатпайтын табиғаты сақтау, тиімді пайдалану және табиғатын қорғау іс-шараларын жүзеге асырады. «Инфракос» РМК-ға істен шыққан зымыран-ғарыштық техниканың және жер үсті жүйелерінің, бұзылған ғимараттардың элементтері мен өспелтен шығарылған техникалардың жөктелген топтарының және тетіктерінің, түсті, қара және қызы металл сынықтары мен қалдықтарын өзірлеу, сақтау, қайта өңдеу және сату құқығы да берілген. Аталған мүліктерді сатудан түскен қаражатты объектілерді күзетуге, қамтамасыз етуге, сондай-ақ олардың консервация жобаларын өзірлеуге және жүзеге асыру жұмысына рұқсат етілген. «Инфракос» РМК құрылғанынан бергі 20 жыл уақыт «Байқоңыр» кешеніндегі ҚР шаруашылық жүргізу субъектісі ретінде қалыптасуы мен дамуы және өркендеуі кезеңі болып саналады. Мәселен,

2019 жылы екі кезеңде 112 объекті кәдеге жаратылды. Байқоңыр мәселесін шешудің тағы бір амалы табиғи жол деп шештік. Егер бұл жүзеге асырылатын болса, Сыр еліндегі бірінші тәжірибе болады. Құнарсыз топырақтың өзіне нәр беретін әлем бойынша есу қарыны ең жылдам «Павловия» деген ағаш бар. Бұл ағаштың ерекшелігі – жапырағы шілпалы. Одан бөлек, өңірдің жасыл қорын қалпына келтіріп, экологияны тазартуда таптырмас шешім. Сондықтан оны Байқоңырға әкеліп, отырғызымыз келді. Көпжылдық бұл өсімдіктің өлмеді деп барлық ағаштармен салыстырғанда есу қарыны өте жылдам. Бес-алты жылдан кейін ол максималды биіктікке жетеді. Әдетте бұл 15-17 метр, кейде 25 метрге дейін жетуі мүмкін. Ал, діңі құрылыс материалына, музыкалық аспаптар мен ойыншық жасауда – таптырмас құрал. Тек алғашқы жылы үскі шалмау үшін арнайы матаман орау қажет. 207 өртүрлілігі қолданыстағы сорттардың ішіндегі аязға ең төзімдісі, -35 градусқа, аязға төтеп бере алады. Десе де, ағаш құрал қалған жағдайда тамырынан және өңірлері пайда болады екен. Мамандардың айтуынша, «Павловия» ағашының тұқымнан өнімділігі 90 пайыз. Ал, өзге ағаштардан ерекшелігі, көміртіңгі 10 есе көп жұтып, сәйкесінде оттегіні де көп бөледі. Шыршаға қарағанда 18 есе көп көмірқышқыл газын тұтынады және 18 есе көп оттегі шығарады. Сондай-ақ жапырақтарының да көлемі өте үлкен. Диаметрі 50 сантиметрге жетеді. Сондай-ақ оның құрамында 20 пайызға жуық ауық бар. Оны малға қорек ретінде және дәрілік мақсатта қолдануға болады. Осы ретте Қытай мен Шығыс Азия, Еуропа мен Америка елдерінде құнды бақша мәдениеті ретінде өсірілетін бұл ағашты Байқоңыр қаласында отырғызу мәселесін қолға ала бастадық. Одан бөлек, бұл жасыл желек зиянкестер мен құрттарға да өте төзімді. Енді қаланың жасыл қорын қалпына келтіріп, экологияны жақсартуда үміт – павловияға деп өсептеймін. Саябақтарда белгілі бір ағаш түрлерінің құрамын көбейту үшін өгеміз. Одан қалды, бақша көз желтген ағашпен салыстырғанда «Павловия» ағашы – экологияны тазалауда көмірқышқыл газын өзіне сіңіредуі, тиісінше сондай оттегіні де бөлуде өте маңызды деп саналады. Қысқасы, қоршаған ортаны қорғау бағытында іс-шараларды жүзеге асырып, Қызылорда облысының экологиясын қалыпта келтіру, ел мен жер үшін аянайы еңбек ету – біздің келер ұрпақ алдындағы аманатымыз.

Алимбек ОМАРОВ



# ТҮРСЫНБАЕВА МАНСАБЫН ТОҚТАТТЫ

**Халықаралық аренада ел намысын абыройлы қорғап, көптеген байрақты бәсекелерде жеңіс тұғырына көтерілген атақты мәнерлеп сырғанаушы, қазақты мақтан тұтар қызы, «Дарын» мемлекеттік жастар сыйлығының лауреаты Элизабет Тұрсынбаева үлкен спортпен қош айтыстыны жайында мәлімдеді.**

Универсиадада күміс жүлдені олжалады. Басқа да толық жетістіктері тағы бар. Жалпы, республикалық және халықаралық жарыстарды қоса алғанда, қазақтың қаршадай қызы барлығы 39 медальға иелік еткен екен.

Элизабет Тұрсынбаеваның спорттық ғұмырындағы ең керемет көрсеткіші – әлем чемпионатының күміс медалі екен сөзсіз. Ол өсімізде, Жапонияның Сайтама қаласында өткен жарыстың қысқа бағдарламасында ол Людвиг ван Бетховеннің «Ай сонатасын» мінсіз орындап, үшінші орынды еншіледі. Келесі күні еркін бағдарламада бақ сынады. Бұл жолы да Тұрсынбаева тамаша өнер көрсетті. Аргентиналық Астор Пьяццоланың «Буэнос-Айрестегі жыл мезгілдерін» ақпан шеберлікпен орындаған ол әлем чемпионатының күміс жүлдегері атанды. Біздің ару тек Ресейдің өңірлерінде сынаушысы, Олимпиада және Еуропа чемпионы, татар қызы Алина Загитовадан ғана қалып қойды. Ал екі дүркін әлем және Еуропа чемпионы, Олимпиа ойындарының күміс жүлдегері Евгения Медведеваның қола медальді қанағат тұтудан басқа амалы қалмады. Осы арада, екі бірдей тарихи сәтке айырылған топтала кеткен жөн. Біріншісі, Элизабет әйелдер арасындағы дүниежүзілік додада «Сальхов тәртіпін» орындаған тұңғыш спортшы. Екіншісі, Тұрсынбаеваның есімі спорттық шежіреде әлем чемпионатында жүлде алған қазақтың тұңғыш мәнерлеп сырғанаушысы ретінде алтын әріптермен жазылды.

Нәсіне жасырайық, Тұрсынбаевадан біз бұдан да зор нәтиже күттік. Алдағы әлем чемпионаттары мен Олимпиа ойындарында тандай қағарлықтай табыстарға қол жеткізіп, барша жанкүйерді әлі талай рет қуаныш пен шаттыққа бөлейтінше өсі күменіміз жоқ еді. Бірақ ескі жарақаты жиі мазалаған сон ол небәрі 21 жасында үлкен спортпен қош айтысуға бел буды. Енді біз қазақ қызының бапкерлікке бет бұрғанын қалаймыз. Бұл жөнінде де оның өлше берері көп. Ел мақтанған Элизабет Қазақстандағы мәнерлеп сырғанау деп аталатын әлемлік пен әсемдікке, сұлулық пен сымбаттылыққа негізделген спорт түрін жана бәсеке көтереді деп үміттеніміз.

Элизабет инстаграмдағы өз аккаунтында: «Құрметті жанкүйерлер, кәсіби спортшы ретінде мен өз қарьерамды аяқтадым. Осындай шешім қабылдау маған оңай болған жоқ. Өздеріңіз білесіздер, ұзақ уақыт бойы арқамнан алған жарақат қатты мазалады. Екіншіше қарай, сол сырқаттан толықтай айыға алмадым. Соның салдарынан толыққанды жаттығулар жасау мүмкін болмады. Қазіргі таңда мен Қазақстандамын. Жылдың соңына дейін елде болып, осы спорт түрін тандаған балаларға көмектесіп, тәжірибемен бөлісемін. Қазақстанда мәнерлеп сырғанауды дамытсам деп мен үнемі армандайтынмын. Міне, енді сондай мүмкіндік туындап отыр» – дей келе, өзінің ата-анасы мен бапкерлеріне, қолдау көрсеткен азаматтар мен жанкүйерлеріне, Мәдениет және спорт министрлігі мен Ұлттық Олимпиада комитетіне және Қызылорда облысының әкімшілігіне зор алғысын білдірді.

Спорттық мансабын Мәскеуде бастап, бірер жыл Канадада шеберлігін шыңдаған Элизабеттің ел спортына снірген еңбегі орасан зор екені еш дау туғызбайды. Әр жылдары Ирина Стрельцова, Александр Шубин, Наталья Дубинская, Светлана Соколова, Елена Буянова, Брайан Орсер, Этери Тутберидзе және Сергей Дудаков сынды майталман мамандардың қол астында жаттыққан ол муз айдында жасындай жарқырады. Ең елеулі табыстарына тоқталатын болсақ, 2016 жылы Норвегияның Хамар қаласында өткен жасөспірімдердің Дүниежүзілік Олимпиадасында қола медаль иеленді. 2017 жылы Салоникиде Азия ойындарында да дәл сол мекеден көрінді. 2018 жылы Пхенчханда алауы тұтанған Олимпиа ойындарына қатысып, 12-орынға табаң тіреді. 2019 жылы Төрт құрлықтың чемпионаты мен Дүниежүзілік

Футзалдан әлем чемпионатының 1/8 финалында Қазақстан құрамасы бүгін Таиландпен кездеседі.

# ФУТЗАЛШЫЛАР ШИРЕК ФИНАЛҒА ӨТЕ МЕ?



Қазақстандық футболшылар топтық кезеңде А тобында сығна түсті. Қарсыластары – Литва, Венесуэла, Коста-Рика. Топтық кезеңде Коста-Рикадан 6:1, Литвадан 3:0 есебімен басым болды. Ал Венесуэламен 1:1 есебімен тең түсіп, 7 ұпаймен плей-оффқа жолдама алған еді. Таиланд С тобында үшінші орын алды. Португалиядан 1:4 есебімен

жеңілсе, Мароккомен 1:1 есебімен тең ойнап, Соломон аралдарын 9:4 есебімен тізе бүктірді. Қазақстан құрамасы бұдан бұрын әлем чемпионаты финалдык сатысында екі мәрте бақ сынады. 2000 жылы бірінші кезеңнен аса алмаса, 2016 жылы 1/8 финалда дейін жетті. Әлем чемпионатының финалы 3 қазанға белгіленген.

Әйелдер теннис қауымдастығы (WTA) рейтингінің жеке және жұптық разрядтағы жаңартылған нұсқасы жарияланды.

# РЫБАКИНАНЫҢ ЖАҢА РЕКОРДЫ



Ең мықтылар үштігі өзгеріссіз қалды: австралиялық Эшли Барти көш бастап, оның артында белорусиялық Арина Соболенко мен чех спортшысы Каролина Плишкова тұр. Қазақстанның бірінші ракеткасы Елена Рыбакина 17-інші орыннан 16-ыншы орынға көтеріліп, жеке рекордын жаңартты. Юлия Путинцева бес жолдан айырылып, 49-ыншы атаңды. Ал Зарина Дияс жеті белгіге түсіп, 112-інші орында тұрақтады. Жұптық разрядтың көшбасшысы бельгиядан келген Элиза Мертенс болды, одан кейін Чехия өкілі Барбора Крейчикова мен Катерина Синякова. Анна Данилина 88-ден 86-ға көтерілсе, Рыбакина 96-ыншы, Дияс 181-інші болды.

Республикалық БАҚ «Қайсар» футбол клубының 21 турдағы сәтсіздігінен кейін басшылық құрамда өзгеріс орын алатынын жариялады. Алайда қызылордалық «Қайсар» футбол клубының басшылық құрамында өзгеріс болмайды.

# «ҚАЙСАРДА» ӨЗГЕРІС БОЛМАЙДЫ



премьер-лигада қалыпты өнер көрсетсе, 2019 жылы Қазақстан кубогын еншілеп, тұңғыш рет Еуропа лигасына қатысуға мүмкіндік алды. Сонымен қатар негізі құрамға жергілікті футболшылардың 52 пайызы тартылып, қызылордалық футболшыларға зор мүмкіндік қарастырылды.

Клуб басшысы Серік Досманбетовтың 5 жылда атқарған қуымы сараланып, «Қайсардың» тарихының нәтижелі жетістігі соңғы 5 жылда орын алғандығы айтылды. Атап айтсақ, Серік Досманбетовтың басшылығымен команда 2017 жылдан бері

«Қайсар» футбол клубына премьер-лигада орын сақтап қалу үшін міндет қойылған. Қызылордалық команда «Ақжайық», «Ақтөбе», «Астана», «Жетісу», «Тараз» сынды командалармен бақ сынады. Сонымен қатар Қазақстан кубогының ширек финалында алматылық «Қайратпен» жарылы финалдык жолдамасын сарапқа салады.

Бетті дайындаған Ерасыл ШӘРІБЕК



# ШЫҒЫНЫ КӨП КЛУБТАР

Екі апта бұрын Еуропадағы трансферлік терезе жабылды. Трансфер терезесінде жаңа ойыншыларды алу үшін ең көп қаржы жұмсаған клубтарды анықтадық. Бұл трансферлік терезеде футбол тарихындағы сенсацияға толы ауысымдар орын алды.

**«Вест Хэм» (Англия)**  
Шығындар: 74,50 миллион еуро  
Лондондық клуб күтпеген жерден РПЛ ойыншыларына назар аударды. Трансферлік терезенің соңғы күндерінде Никола Влашич пен Алекс Кралды сатып алды. ЦСКА-дан келген хорватиялық футболшыға «Вест Хэм» 30 миллион еуро жұмсады, ал «Спартактың» чехиялық жартылай қорғаушысы ағымдағы маусымның соңына дейін жалдап ойнады. Сондай-ақ лондондық клуб «Челсиден» 35 миллион еуроға Курт Зуманы сатып алды. Жұмсаған ақшасына сай «Вест Хэм» Премьер-лиганың жаңа маусымын сәтті бастады.

**«Ренн» (Франция)**  
Шығындар: 79,50 миллион еуро  
Трансферлік терезеде француз клубы Эдуардо Камавинганы «Реал Мадридке» 31 миллион еуроға сатты, сонымен бірге «Ланс» клубының орталық қорғаушысы Лок Баден мен «Монпелье» шабуылшысы Гаэтан Лабодты қатарға қосты, одан бөлек 19 жастағы ганалық футболшы Камалдин Сулейманов келісім-шартқа отырды.

**ПСЖ (Франция)**  
Шығындар: 83 миллион еуро  
Францияның вице-чемпиондары Лео Мессі, Серхио Рамос, Джанлуиджи Доннарумма және Жоржиньо Вейналдумды еркін агент ретінде алды. ПСЖ тек «Интерге» Ашраф Хакими (60 миллион еуро) мен «Портуға» Данило Перейра (16 миллион еуро) үшін ақша төледі. Париждік клуб португалиялық «Спортингтің» 19 жастағы қорғаушысы Нуну Мендешті жалға алу үшін 7 миллион еуро жұмсады. Олар мықты құрам жасағанымен Чемпиондар лигасындағы жорығын сәтсіз бастады. Понеттино шәкірттері алғашқы турда «Брюггені» жеңе алмады (1:1)

**«Рома» (Италия)**  
Шығындар: 97,75 миллион еуро  
Жозе Моуриньоның Римге келуі көпшілік үшін күтпеген жаңалық болып көрінді. Португалиялық маман жаз бойы осы маусымда міндетті түрде Италияда жүзделі орындар үшін күресетін тамаша команда жинады. «Ростовтың» бұрынғы футболшысы Эльдор Шомуродов, «Челсиден» Тэмми Абрахам римдік клубқа қосылды (40 миллион еуро).

**«Астон Вилла» (Англия)**  
Шығындар: 99,82 миллион еуро  
Жазғы трансферлік терезеде бирингендік клуб 100 миллион еуроға жуық қаржы жұмсады, бірақ Джек Гриллишті «Манчестер Ситиге» сату арқылы осы үлкен соманы қайтарып алды. «Астон Вилла» ағылшын футболшысының орнына «Норвичтен» Эмилиано Буэндия мен «Байерден» Леон Бэйлиді алды, сондай-ақ Дэниел Ингспен және Эшли Янгпен келісім-шарт жасасты.

**«РБ Лейпциг» (Германия)**  
Шығындар: 107,62 миллион еуро  
Олифан Негельсманн «Баварияға» кеткен соң, «РБ Лейпциг» басшылығы америкалық маман Джесси Маршты бас бапкер қызметіне шақырды. Жазғы трансфер терезесінде бұл бапкер 23 миллион еуроға Андре Силван сатып алып, шабуыл шебин күшейтті. Загребтік «Динамо» клубынан Йошко Гвардиол мен «Манчестер Ситиге» тиесілі Анхелиньо да толыққанды «РБ Лейпциг» ойыншысы атанды.

**«Челси» (Англия)**  
Шығындар: 120 миллион еуро  
Лондондықтар тек екі ойыншы үшін осыншама көп қаражат жұмсады. «Челси» өз кәсіпкерінің мойындап Ромелу Лукакуды клубқа қайтарып, ол үшін «Интерге» 115 миллион еуро төледі. Жартылай қорғаушы Саулды «Атлетикодан» 5 миллион еуроға жалға алды және

«Фулхэмнің» 29 жастағы қақпашысы Маркус Бетинеллиді еркін агент ретінде қатарға қосты. Өзірге Томас Тухель командасы АПЛ-дегі 4 матчта да жеңілімі, екінші орынға келе жатыр.

**«Манчестер Сити» (Англия)**  
Шығындар: 127,5 миллион еуро  
Манчестерлік клуб Джек Гриллиш үшін 117,5 миллион еуро құртты. Көпшілігі әлі де бұл ойыншының қала «турғындарына» қажет еместігін айтады. Бірақ ағылшын футболшысы бұл сөзді жоққа шығарып үлгерді. Сонымен қатар жазғы трансфер терезесінде «Манчестер Сити» Лео Мессі немесе Криштиану Роналдумен келісім-шартқа отыруы мүмкін еді, бірақ «Сити» басшылығы тандауды Гриллишті пайдасына жасады.

**«Манчестер Юнайтед» (Англия)**  
Шығындар: 140 миллион еуро  
«Манчестер Юнайтед» керек уақытта күшейіп, Роналдумен келісім-шартқа отырып, ол 12 жылдан кейін Манчестерге қайтып оралды. Оған қоса, «қызыл сойқандар» Рафаэль Варанды 40 миллион еуроға сатып алды, сонымен қатар Джейдон Санчо үшін «Боруссия Дортмундқа» 85 миллион еуро төледі.

**«Арсенал» (Англия)**  
Шығындар: 165,60 миллион еуро  
Лондондық клуб жазғы трансфер кезеңінде жомарттық танытып, «Брайтон» клубының қорғаушысы Бен Уайтты 58 миллион еуроға, «Реалдан» Мартин Одрагодо 25 миллион және «Шеффилд Юнайтед» қақпашысы Аарон Рэмсделді шамамен 30 миллион еуроға сатып алды. Одан бөлек, Такеширо Томиясу, Самби Лонгана өскілі ойыншыларға да ақша төледі. Бірақ Микель Артета командасы маусымды өте нашар бастады. Тек төртінші турда «Норвичпен» болған матчта алғашқы ұпайына қол жеткізді.



ТӘУЕЛСІЗДІК ҚАРЛЫҒАШТАРЫ

Жұырда М.Мәметова атындағы Қызылорда педагогикалық жоғары колледжі сүйінші хабарымен бөлісті. «Дене тәрбиесі және спорт» бөлімінің IV курс студенті Нұрсұлтан Алтынбек бокстан жастар арасында өткен Азия чемпионатынан алтын медальмен орында. Жат жерде тәуелсіз елдің туын биіктету үшін барын салған Нұрсұлтанмен әңгімелесіп, жарыстан кейінгі көңі-күйін білген едік.

# НҰРСҰЛТАН АЛТЫНБЕК – АЗИЯ ЧЕМПИОНЫ

Тәуелсіздіктің бейбіт таңы үшін жан берген тарихтағы тұлғалардың ең мықты қаруы намыс еді. Жауырыны жерге тимеген кешегі қазақтың бүгінгі ұрпағы да осал емес. Қалың топтың ортасында ел намысы үшін қарсыласына өсе бермеген Нұрсұлтан осы сөзімізге дәлел. Білімді де, білікті ұл мұндай байрақты жеңіс Тәуелсіздіктің жемісі екенін айтады:

– Тәуелсіздік жайлы жиі айтылады, жиі жазылып та жүр. Бірақ жастар Тәуелсіздік тойын тойлаудан бұрын, елдің болашағын ойлағаны дұрыс тәрізді. Егемен елдің иесі болу бақыты бізге оңайлықпен келген жоқ. Сол үшін бәріміз Тәңірдің қазаққа берген тәтті сыйының қадірін білсек деймін. Кешегі өткен дүбірлі додада да мен елдің абыройын ойладым. Ер жігітті намысы қайрайды ғой, шаршы алаңда қарсыласқа шаң қаптырып кеткенім де одан, – дейді Нұрсұлтан.

Айта кетейік, колледж қабырғасында Дубай қаласында өткен байрақты бәсекеде бағы мен бабы қатар шапқан боксшыны айтулы жеңісімен құттықтау шарасы ұйымдастырылды. Директор Жақыпұл Қоғанқызы жас чемпионы құттықтап, кәсіподақ атынан 50 000 теңге ақшалай сыйақы табыстап, ел мақтанышқа айналған спортшыға алғыс білдірді.

– 2019 жылы Азия чемпионатында екінші болып есе жібердім. Сол кездегі жеңіліс бүгінде бірінші болуымның алғашқы баспалдағы болды. 2020 жылы өлемдік



пандемияға орай осы жарыс болмай қалды. Биыл бар күшімді салып, шеберлігім мен әдістерімді ұтымды қолдануға тырыстым. Дәл осы мақсатым оң нәтиже берді. Жеңіс тұғырында тұрып, көк байрақтың көкке көтерілген сәттегі сезімді айтып жеткізу мүмкін емес. Лайым, елдің туы әрдайым биікті желбіресін! – дейді Нұрсұлтан.

Г.НҰРТАЙҚЫЗЫ

БАЙҚАУ! БАЙҚАУ! БАЙҚАУ!  
ЖАС ҒАЛЫМДАРДЫ КҮТЕМІЗ!

## Темірбек Жүргенов атындағы облыстық жас ғалымдар байқауы



Қызылорда облыстық «Ақмешіт жастары» газеті Тәуелсіздіктің 30 жылдық мерекесіне орай жас ғалымдар арасында Темірбек Жүргенов атындағы сыйлық үшін «Ғылым жолында» атты байқау жариялайды.

**Жалпы ережелер**

Байқаудың мақсаты мен міндеті:  
– Жас ғалымдарды ынталандыру, шығармашыл жастарды насихаттау;

**Байқаудың талаптары:**

- Байқауға 18-35 жас аралығындағы жас ғалымдар қатыса алады.
- Байқауға ұсынылған материалдар кері қайтарылмайды.
- Байқауды ұйымдастыру және өткізу тәртібі, мерзімі:**  
– Байқауға қатысушы үміткер өзі туралы қысқаша мәліметті және еркін тақырыпта жазылған ғылыми мақаласын aqmeshit.jastary@gmail.com поштасына жолдауы қажет немесе төменде көрсетілген редакция мекен-жайына қалдыруына болады. Байқау материалдарын қабылдау 1 қарашаға дейін жалғасады.
- Ғалымдардың жұмысын бағалау және жеңімпазды анықтау үшін кеңес құрылады.

**Редакцияның мекен-жайы:**

120018 Қызылорда қаласы, Бейбарыс Сұлтан көшесі, 4А  
Байланыс телефондары: 8 (7242) 40-11-10

# JULDYZ – JORAMAL

(23 – 29 қыркүйек)

<p><b>Тоқты</b> Апта жағымды жаңалық пен қуанышты оқиғадан басталады. Уақытыңды жақын арада арнау үшін жұмыс барысында жауапкершілік артадан аулақ болыңыз. Күнделікті жоспарды қадағалап, өткен күнді ой елегінен өткізуді әдетке айналдырыңыз.</p>	<p><b>Таразы</b> Күтпеген кездесулер орын алып, іскерлік қарым-қатынастағы шаруа оңтайланбақ. Сол үшін басыңыздан өткен жағдайды дұрыс бағамдаңыз. Аптаның жарқын тұстарын қызықты өткізсеңіз, көмескі тұстары сізге кері әсер етпейді. Әр күнді жақсылықпен әсемдеп, қуанышты өткізу өз қолыңызда екенін ұмытпаңыз.</p>
<p><b>Торпақ</b> Сізді жұмыс барысында сәтті кездесумен табысты шешім күтіп тұр. Осы уақытқа дейін көп күш жұмсаған істі де абыроймен аяқтаңыз. Бастысы, өзіңізге және болашаққа деген сенімді жоғалтпаңыз. Апта бойы көңіл-күйіңіз көтеріңкі жүреді.</p>	<p><b>Сарышаан</b> Аптада көптен армандаған тілегіңіз орындалады. Өзіндік бақытты сезініп жүресіз. Бұрын қолға алуда қаймыққан істерді қайта жандандыруыңыз мүмкін. Әрі жаңадан кәсіп бастап, тұрғындарға қуаныш сыйлауға сізге орайлы мүмкіндік туып тұр.</p>
<p><b>Егіз</b> Жаңа аптада керемет мүмкіндік күтіп тұр. Жұяқ арада өзіңіз жоспарлаған саяхатқа жолға шығасыз. Сол үшін өз саланызда белсенділікті арттырған абзал. Аптаның екінші жартысында кейбір жағдайға қатысты ойыңыз өзгеріп, жақын адамдардың өмірін жақсартуға үлес қосасыз.</p>	<p><b>Мерген</b> Аптаның әр күні сізді ерекше қуантады. Жақындарыңыз тарапынан жақсы жаңалық естіп, үнемі көтеріңкі көңіл-күйімен жүресіз. Сондай-ақ достарыңызбен тату қарым-қатынас орнатуға сәтті апта болады. Қаржы мәселесі де тез арада шешімін тауып, жаңа бастамаларға ден қоясыз.</p>
<p><b>Шаян</b> Ұсақ-түйекке бола жүйкеңізді жұқартпаңыз. Қиындықтың барлығы аз уақыттың ішінде шешімін табады. Бұл аптада сәтті қадамдар жасалады. Таңғаларлық оқиға, күтпеген жағдайлар орын алуы мүмкін. Соның әсерінен көптеген адамға басқа көзқараспен қарай бастайсыз.</p>	<p><b>Тәуешкі</b> Апта жаңа таныстық үшін өте қолайлы болады. Жаңыңызға жақын жанмен алғашқы кездесу жоспар құрасыз. Осы тұста кездеріңіз жеңуге жәрдемдесетін адамдар пайда болады. Бастысы, отбасыңызға көңіл бөлуді ұмытпаңыз.</p>
<p><b>Арыстан</b> Бұл аптада шығын көлемі азайып, біршама қарыздан құтыласыз. Жоспарыңызға қатысты өзгеріс енгізеңіз, қолға алған жаңа жобаның нәтижелі болады. Бастысы, ұсақ-түйекке көп мән бермей, ірі жобаларға көңіл бөліңіз.</p>	<p><b>Сұқұйыш</b> Позитивке толы уақыт жетті, сондықтан күтпеген қиындықты тез өрі оңай шешесіз. Ұнжырғаныз түспесін. Бастысы, өзіңіз дұрыс деп тапқан жолдан айнымаңыз. Көптеген адамға жақсы әсер қалдырып, олардың өміріне өзгеріс әкелуіңіз бек мүмкін.</p>
<p><b>Бикеш</b> Шығармашылық қабілетіңізді көрсететін орайлы уақыт туып тұр. Өте маңызды істе жолыңыз болады. Ол үшін уайымға берілмей, тек сол іске ден қойыңыз. Қаржылық мәселе де жылдам шешіледі. Бастысы, шынайы қалпыңызды жоғалтпаңыз.</p>	<p><b>Балық</b> Апта біршама қызықты идеяға толы болады. Оны тезірек жүзеге асыруға тырысыңыз. Үлкен нәтижеге қол жеткізу үшін көп еңбектену қажет. Ал бұл апта іскерлік байланысты нығайтуға қолайлы.</p>



## Әділхан Бәймен атындағы «Қалам қуаты» атты эксклюзивті сұхбат байқауы

Ел Тәуелсіздігінің 30 жылдығына орай қалалық «Ақмешіт апталығы» газетінің редакциясы «Сыр медиа» ЖШС-на қарасты басылым журналистері арасында белгілі қаламгер, «Ақмешіт апталығы» газетінің негізін қалаушы әрі тұңғыш редакторы Әділхан Бәймен атындағы «Қалам қуаты» атты эксклюзивті сұхбаттар байқауын жариялайды.

**Байқаудың мақсаты:**

Ел Тәуелсіздігінің мерейлі жылында Тәуелсіздік тұлғаларын, Тәуелсіздік тарту еткен жетістікті кейіпкерлер арқылы көрсету. Тәуелсіз ел тарихында ел дамуына үлес қосқан тұлғалардың еңбегін дәріптеу. Сұхбат жанрын уақыт талабына сай жаңа қырынан дамыту, журналист шеберлігін бағалау.

**Байқау талабы:**

Байқауға үміткерлер жасына шек қойылмайды. Кез келген тақырыпта сұхбат жүргізуге мүмкіндік беріледі. Байқауға үміткер биылғы жылдың 1 қаңтарынан бастап желтоқсан айына дейін газетте жарияланған сұхбаттарды ұсына алады. Сұхбат көлеміне шек қойылмайды. Байқау материалдарын сараптауда тақырыптың өзектілігі, кейіпкердің болмысын ашу және көп назарын аударар тақырып пен кейіпкер таңдауы, шынайылығы, сұхбат талабына сай келуі бағаланады.

Байқауға қатысушы үміткерлер ұйымдастыру комиссиясына (Қызылорда қаласы, Бейбарыс Сұлтан көшесі, 4 А, байланыс телефоны 8(7242) 40-11-10), өзі туралы қысқаша мәлімет, газетте жарияланған сұхбатының PDF нұсқасын ұсынуы шарт. Байқауға ұсынылған материалдарды арнайы құрылған қазылар алқасы анықтайды.

Байқау қорытындысы Тәуелсіздік мерекесі қарсаңында жарияланып, үздік сұхбат авторлары арнайы марапатталады.  
«Ақмешіт апталығы» газетінің электронды поштасы: aqmeshit.kz@mail.ru.

Кезекші редактор: М.САБЫРЖАН

**АҚМЕШІТ жастары**

Газет Қазақстан Республикасының Мәдениет және ақпарат министрлігінің Ақпарат және мұрағат комитетінде тіркеу алынып, №13844-Г нүмерлі 26.08.2013 жылы берілген. «Ақмешіт жастары» облыстық газеті КР СТ ИСО 9001-2009 «Сапа менеджменті жүйесі» талаптарына сәйкес сертифицирталған.

<b>Меншік иесі: «Сыр медиа» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі</b>		
<p><b>БАС ДИРЕКТОР</b> Аманжол ОҢАРБАЕВ</p>	<p>Қабылдау бөлмесі: тел/факс: 40-11-10</p>	<p>Индекс: 65425. Редакцияның мекен-жайы: 120018 Қызылорда қаласы, Бейбарыс Сұлтан көшесі, 4А e-mail: aqmeshit_zhastary@gmail.com Instagram: @aqmeshit_zhastary / сайт: aqmeshit_zhastary.kz</p>
<p><b>БАС РЕДАКТОР</b> Айжан АБДУЛЛАЕВА</p>	<p>Таралымы: 8517 Таспырыс: 1388</p>	